

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет
комитетінің**

«Петр Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі» РМҚК

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗАМАНАУИ МУЗЫКАЛЫҚ- БІЛІМ БЕРУ
КЕҢІСТІГІНДЕГІ ВОКАЛДЫҚ ОРЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты**

Республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясы

Алматы, 16 мамыр 2022 жыл

Петр Чайковский атындағы Алматы музыка колледжі 2022 жылдың 16 мамырында өтетін Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, композитор, әнші, қазіргі қазақ вокалдық музыкасының негізін салушылардың бірі Ескендір Хасанғалиевті еске алуға арналған **«Қазақстанның заманауи музыкалық білім беру кеңістігіндегі вокалдық орындау мәселелері» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияға** қатысуға шақырады.

Конференцияның мақсаты: Қазақстанның вокалдық педагогикасы саласында, вокалдық өнер, әншілік дауыс және оны дамыту әдістері туралы ғылыми тұрғыда тәжірибе алмасу; қазіргі вокалдық орындаушылық пен білім берудің әртүрлі мәселелерін шешу.

Конференцияда төмендегідей мәселелер шеңберін талқылауды ұсынылады:

- 1) 1) Қазақстан композиторлары сазгерлерінің шығармашылығы (Н.Тілендиев, Ш.Қалдаяқов, М.Сағатов, М.Маңғытаев, Е.Хасанғалиев, С.Бәйтерекөв, Қ.Дүйсекеев, т.б.)
- 2) Қазақстандағы эстрадалық ән өнері: тарихы, әдістемесі, мәселелері, болашағы.
- 3) Қазіргі білім беру жағдайында вокалдық оқытудың негізгі мәселелері мен даму жолдарын шешу.
- 4) Вокалдық-орындаушылық шығармашылық: бейнемен жұмыс жасау, шығарманың интерпретациясы, стилдік сезім, дәуірі, жанрдың ерекшеліктерін түсіну, т.б.
- 5) Тиімді вокалдық әдістер: вокалдық - техникалық қиындықтарды (есту, интонация, дикция т.б.) жеңуге мүмкіндік беретін әдістер мен тәсілдер және қажетті әншілік базаны (тыныс алу, артикуляция, дыбыс мәдениеті және т.б.) қалыптастыру.
- 6) Музыкалық педагогиканың өзекті мәселелері.

Конференция аясында секциялық онлайн-отырыстар өтеді. Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Қатысуға оқытушылар, орындаушылар, докторанттар, магистранттар, студенттер және барлық қызығушылық танытатын тұлғалар шақырылады.

Конференцияға қатысу келесі формада болуы мүмкін: бір немесе бірнеше секциялардың онлайн отырысында баяндама жасау; конференцияда баяндама жасамай мақала жариялау.

Қатысуға өтінім мен баяндаманың толық мәтіні Ұйымдастыру комитетіне **2022 жылдың 25 сәуіріне дейін** тапсырылуы тиіс.

Өтініште (жеке файлда) баяндаманың тақырыбы, тақырыптық бағытының атауы (секциялар), қатысушының аты-жөні (толық), ғылыми дәрежесі, атағы, жұмыс немесе оқу орны, телефон нөмірі, электрондық поштасы. Студенттер, магистранттар және докторанттар өздерінің толық аты-жөнін, ғылыми атағын, сонымен қатар ғылыми жетекшісінің/кеңес берушінің лауазымын көрсетуі қажет. Өтінімге баяндама мәтіні қоса беріледі (тіркеуге қойылатын талаптарды 1-қосымшадан қараңыз).

Конференция қорытындысы бойынша электронды жинақ шығару жоспарлануда. Конференция спикерлеріне сертификаттар мен конференция бағдарламасы беріледі. Ұйымдастыру жарналары қарастырылмаған.

Конференция қорытындысы бойынша электронды жинақ шығару жоспарланып отыр.

Конференцияға қатысушыларға сертификат және бағдарлама беріледі. Ұйымдастыру жарналары (төлемдері) қарастырылмаған.

Конференцияның соңында **барлық қатысушылар** материалдардың электрондық жинағын алады.

Жарияланған материалдардың сапасы мен авторлық құқықты сақтау мақсатында мақалалар плагиатқа қарсы тексеріледі. Бірегей мәтіннің 60%-дан азын қамтитын мақалалар жариялауға жіберілмейді. Ұйымдастыру комитеті конференция тақырыбына, ғылыми немесе шығармашылық этика нормаларына немесе баяндамаларды ұсыну талаптарына сәйкес келмейтін өтінімдерді қабылдамау құқығын өзіне қалдырады.

Баяндаманы рәсімдеу талаптары

Жариялауға ұсынылған баяндаманың ең аз көлемі 15 000 таңбадан (шамамен 4-5 бет) құрайды. Форматы: Microsoft Word 2000, 2003, 2007, 2010 форматында компьютерде терілу (кеңейтілген *.doc, *.docx, *.rtf);

Негізгі мәтіндегі әріп — Times New Roman, 12 кегль, ескертулерде – 10. Ескертпелер (сілтемелер) беттер бойынша Word бағдарламасындағы «сілтеме» функциясын (ctrl + alt + f) пайдалана отырып қойылады.

Жол аралық интервалы – біртекті, беттің барлық жиектері – 2 см, ені бойынша туралау.

Азат жол 1 см шегініспен жазылады (бірақ қойындылар немесе бос орындар жоқ); абзацтар арасындағы интервал қалыпты, қаріп таңдаулары курсив.

Мақаланың тақырыптары – **БАС** әріптермен (ортасына қаратылған, жартылай қара шрифт). Баяндама (мақала) тақырыбынан кейін – курсивпен автордың АТЫ-ЖӘНЕ ТЕГІ, қарапайым кіші әріппен, оңға қарай туралау, төменде – жұмыс орны мен қаласы көрсетіледі.

Эпиграф курсивпен, оң жақ шетте жазылады. Тақырыпшалар жартылай қою шрифтпен, тырнақшалар типографиялық «», ішкі тырнақшалар әдеттегі “”.

Тоналдылықтар латын әрпімен жазылады: C-dur, g-moll, дыбыс атаулары латын әріптерімен және курсивпен жазылады: h, G, a2.

Күндер сандармен көрсетіледі: ғасырлар - римдік, жылдар және онжылдықтар – араб сандарымен жазылады.

Ноталық үлгілер, сызбалар және суреттер негізгі мәтінге енгізіледі және бір дюймге кемінде 300 пиксель рұқсаты болуы керек, сонымен қатар **кез келген графикалық форматта (JPEG, TIFF, BMP және т.б.) жеке файлдармен тіркелуі керек.**

Мақалаға аннотациялар (түйіндеме) және тірек сөздер үш тілде жартылай қою шрифтпен және курсивпен қоса беріледі - қазақ тілінде (Аннотация, тірек сөздер), орыс тілінде (Аннотация, ключевые слова) және ағылшын тілінде (Abstract, key words). Аннотацияның ең аз көлемі әр тілде **100 сөзден тұруы қажет**, аннотация мазмұны мақаланың қысқаша мазмұнын білдіруі керек: автор қарастырған мәселелерді, зерттеу әдістерін, зерттеу нәтижелерін. Аннотация мақаланың алдында тұруы қажет.

Мақала автоматты түрде нөмірленген библиографиялық тізіммен («Әдебиеттер тізімі» тақырыбымен) аяқталады. Мәтінде пайдаланылған әдебиеттерге сілтемелер тік жақшаның ішінде библиографиялық тізімдегі дереккөздің реттік нөмірі және үтірмен бөлінген бет нөмірі көрсетіле отырып, дәйексөз ретімен жасалады (Мысалдар: [17, 25], [3, 36]).

Мақаланың авторлары ақпараттың, дәйексөздердің, сілтемелер мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінің дұрыстығына толық жауап береді.

Конференция тақырыптарына және жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін мақалалар жариялауға жіберілмейді.

Баяндама мәтіні және конференцияға қатысуға өтінім тек электронды түрде мына мекенжайға беріледі:

conference.amk@mail.ru

Толық мәтінді ұсыну мерзімі 2022 жылдың 25 сәуіріне дейін.

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:

1. Мукушева Г.К. – директордың ОӘБ бойынша орынбасары
2. Попилова М.В. – «Музыка теориясы»ПЦК оқытушысы
3. Яковенко Н.А. – «Музыка теориясы»ПЦК оқытушысы
4. Филюк В.В. – «Музыка теориясы»ПЦК оқытушысы
5. Отеулинова Г.Ж. – «Музыка теориясы»ПЦК оқытушысы
6. Рахымжанова А.А. – «Музыка теориясы»ПЦК оқытушысы
7. Тыныбеков Е.Т. – «Музыка теориясы»ПЦК оқытушысы

Байланыс:

- +7 701 711 3645 – Мукушева Г.К. (WhatsApp)
- +7 707 307 7380 – Попилова М.В. (WhatsApp)
- +7 707 551 7745 – Яковенко Н.А. (WhatsApp)
- +7 747 658 7723 – Филюк В.В. (WhatsApp)
- +7 701 941 1894 – Отеулинова Г.Ж. (WhatsApp)
- +7 707 103 1174 – Рахымжанова А.А. (WhatsApp)
- +7 747 658 7760 – Тыныбеков Е.Т. (WhatsApp)

Электрондық почта: conference.amk@mail.ru

Қосымша 1.
Өтінім үлгісі

Баяндама атауы	
Тақырыптық бағыт атауы (секциялар)	
Қатысушының ТАӘ	
Ғылыми дәрежесі, атағы	
Жұмыс/оқу орны	
Ғылыми жетекшісінің ТАӘ (бірлескен авторлық болған жағдайда оны көрсету қажет)	
телефон	
электрондық почта мекені	
Өтінім берілген күн	